

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 қыркүйектегі N 922 қаулысы

Қолданыстағы нормативтік құқықтық кесімдерді Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы" 2002 жылғы 28 тамыздағы N 931 Жарлығына сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3                      ж ы л ғ ы                      1 2                      қ ы р к ү й е к т е г і

N                      9 2 2                      қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер

1. "Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаның гигиенасы жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 9 маусымдағы N 878 қаулысына:

3 - т а р м а қ т а :

"Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Табиғи ресурстар және" деген сөздер алынып тасталсын, "қоршаған" деген сөз бас әріппен жазылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаның гигиенасы жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспарында:

құжаттың мәтінінде пайдаланылған қысқартулардың тізбесіндегі мынадай жолдар:

"ДСА - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі

АЭЖ - Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Атом энергетикасы жөніндегі комитеті

ТОҚМ - Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны

қ о р ғ а у

м и н и с т р л і г і

ЭИСМ - Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі" мынадай редакцияда жазылсын:

"ДСМ - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі

АЭК - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Атом энергетикасы жөніндегі комитеті

ҚОҚМ - Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі

ИСМ - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі";

қ о с ы м ш а д а :

"Жауапты орындаушы" деген бағанда реттік нөмірлері 1.1, 1.2, 1.3, 1.4, 4.1, 5.3, 5.5, 6.1, 6.2, 6.4, 7.1, 7.2, 8.4-жолдарда, "ДСА", "ТОҚМ", "ЭИСМ", "ЭИСМ-нің Атом энергетикасы жөніндегі комитеті" деген сөздер "ДСМ", "ҚОҚМ", "ИСМ", "ЭМРМ-нің Атом энергетикасы жөніндегі комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.02.2016 № 59 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 21.06.2016 № 364 қаулысымен.

4. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.03.19 N 345 қаулысымен.